



МҰРАТ АБДРАХМАНОВ

12017

1264к

ТЕМІРЖОЛ БАЙЛАНЫСЫ  
ТЕРМИНДЕРІНІҢ  
ОРЫСША-ҚАЗАҚША

СӨЗДІГІ



РУССКО-КАЗАХСКИЙ  
СЛОВАРЬ ТЕРМИНОВ  
ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОЙ  
СВЯЗИ







Мемлекеттік тілді оқыту жөніндегі  
Павлодар облыстық “Ана тілі”  
орталығы, халықаралық  
“Қазақ тілі” қоғамы облыстық ұйымы

**МҰРАТ АБДРАХМАНОВ**

**ТЕМІРЖОЛ БАЙЛАНЫСЫ  
ТЕРМИНДЕРІНІҢ ОРЫСША – ҚАЗАҚША  
СӨЗДІГІ**

**РУССКО-КАЗАХСКИЙ СЛОВАРЬ ТЕРМИНОВ  
ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОЙ СВЯЗИ**

Павлодар 2006

81'374.822(038)=572.122=161.1'656-2

ББК 39.278.Я2

А 14

Мемлекеттік тілді оқыту жөніндегі Павлодар облыстық «Ана тілі» орталығы,  
Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы Павлодар облыстық ұйымы  
және «Транстелеком» АҚ-мы бағдарламалары негізінде құрастырылған.

**Редакция алқасы:**

Әбдіқадыров Бақи – Қазақстан журналистер одағының мүшесі, ақын, Ұлы  
Отан Соғысы ардагері

Мырсалы Гүлжентіс – «Транстелеком» АҚ-мы жетекші маманы

Абылқайырова Айымгүл – Павлодар облысы бойынша тілдерді дамыту  
басқармасының бөлім бастығы

Жәминов Жолдыбай – Мемлекеттік тілді оқыту жөніндегі Павлодар облыстық  
«Ана тілі» орталығының директоры

**Компьютерде теріп, шығаруға дайындаған:** Данияр Абдрахманов

**Пікір жазғандар:**

Тұрышев А.Қ. - филология ғылымдарының докторы, ПМУ профессоры

Қасымова Р.М. - «Транстелеком» АҚ «Павлодартранстелеком» филиалы ТТС  
бастығы

Пасенков В.Н. - «Транстелеком» АҚ «Павлодартранстелеком» филиалы АТС  
байланысы жетекші инженері

А 14 **Абдрахманов Мұрат**

Теміржол байланысы терминдерінің орысша - қазақша сөздігі.

Русско-казахский словарь терминов железнодорожной связи. – Павлодар:  
ГОФ “ЭКО”, 2006 – 215 бет

ISBN 9965-808-16-3

Теміржол колігіндегі байланыс терминдерінің орысша – қазақша сөздігі “Транстелеком” акционерлік қоғамы аясындағы кәсіпорындар мен ұжымдардың тұтынушыларға тікелей қызмет көрсететін кәсіби мамандарына - телефонистер, телеграфистер, электромеханиктер, абоненттік – есептік тобы қызметкерлеріне арналған. Сөздікте Мемтерминкомда қаралып бекітілген және бұрыннан қолданыста жүрген академиялық сөздіктердің, 31 томдық қазақша – орысша - орысша қазақша терминологиялық сөздіктің және теміржол саласы бойынша пайдалануға енгізілген сөздіктердің негізінде түзілген бес мыңнан аса терминдер мен сөз тіркестері қамтылған. Сонымен қатар жинақта мекемелердегі аудармашыларға және мемлекеттік тілден сабақ жүргізетін оқытушыларға көмек ретінде бүгінгі таңдағы ағымдағы бағдарламалар мен оқулықтар негізінде әдістемелік және тәжірибелік үлгі материалдар сұрыпталып берілген.

ББК 39.278.Я2

ISBN 9965-808-16-3

А 3202040000

00(05)-06

© Абдрахманов М., 2006

00340604

## **Сұранысқа сай құрал**

“Қазақстанның болашағы - қазақ тілінде” деп, Елбасымыздың тіл саясатында белгілеп берген мақсатты бағыты бүгінгі таңда қайта жаңғырығып, ағымдағы кезек күттірмейтін мәселелердің біріне айналуда. Бұл билік басындағы лауазымды азаматтарға, ғалым - ұстаздар мен тәрбиеші - оқытушы қауымға, баршамызға үлкен міндет артады. Мұнда басты назар жалпы халқымыздың, оның ішінде өзге ұлт өкілдерінің санасына қазақ тілін игерудің басымдықтарын нақтылап жеткізуге, оларды осы тілге оқытып үйретуге аударылуға тиіс. Алайда байланыс саласында, оның ішінде мына іргесін жаңа көтерген бірегей ұйым “Транстелеком” акционерлік қоғамында бүгінгі таңда оқулықтар, методикалық және анықтамалық құралдар жеткіліксіз.

Бұл орайда Мұрат Абдрахмановтың жинағы айтылмыш саладағы олқылықтардың орнын толтыруға едәуір септігін тигізери хақ. Сөздікте телефон, телеграф, почта, телерадио, электромеханика салаларындағы, жалпы байланыс техникасы мен технологиясына қатысты терминдер күнделікті қолданысқа, қажеттілікке ыңғайластырып түзілген. Сонымен қатар мұнда байланыс қызметкерінің жұмыс барысында тұтынушымен (абонентпен) қарым-қатынасы, сөйлесім үлгілері диалог, сұхбат ретінде ұтымды берілген. Аудармашының күнделікті жұмысында жиі кездесетін құжат тілі терминдері мен сөз оралымдары да мөлшерлі түрде орынды қамтылған.

Жинақта оқытушы мамандарға арналып, оқыту ісінде бүгінде қолданылып жүрген негізгі бағдарламалар мен оқулықтарға шолу жасалынған. Кейінгі кезде жарық көрген оқу құралдарындағы ана тілімізге, тәлім - тәрбиеге байланысты біршама дидактикалық материалдар мен оқыту процесін ұйымдастырудағы инновациялық жолдар және әдістемелік ұстанымдар қамтылған. Осы тұста құрастырушының назарына ескерге кететін бір жәйт, оқыту процесіне байланысты материалдарды көлемдірек, толығырақ беру қажеттігі байқалады және такырыптық күнтізбелік жоспарға қоса күнделікті сабақ жоспарлары тізбелей берілгенде, жинақтың тиімділігі арта түскен болар еді деген ойдамыз. Бұл алдағы уақыттың кезекті ісі болар. Қазірде байланыс саласында сөздіктер жетіспеуін және оған деген сұраныстың өсе түсуін ескеріп, жинақты баспаға беруді ұсынамыз.

**Айтмұхамбет Қасымбайұлы Тұрышев,**  
**филология ғылымдарының докторы,**  
**С. Торайғыров атындағы ПМУ профессоры**

## АЛҒЫСӨЗ

Теміржол көлігіндегі байланыс қызметін басқарып, реттеуге арналған “Транстелеком” акционерлік қоғамы құрылғанына небәрі 5-ақ жылдай уақыт болған екен. Осы уақыт аралығында бірлестіктің техникалық - экономикалық салаларында заман талабына сай біршама ауқымды істер атқарылғанын көреміз. Байланыс технологиясын жаңарту жұмыстары да қолға алынған. Өнеркәсіптегі оң өзгерістерге сәйкес рухани болмыста, адамдардың еңбек барысындағы қарым-қатынасында да өрелі істер атқарылуда. Солардың ең негізгілерінің бірі - мемлекеттік тілде іс жүргізуге көшу. Ұжымның бұл бағыттағы міндеттері Қазақстан Республикасының “Қазақстан Республикасындағы тіл туралы” Заңын (11.07.1997ж.) жүзеге асыру мақсатында 2001 жылғы 7 ақпанда қабылданған “Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001 – 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы” аясында атқарылып келеді. Нақтылы іс – шаралар 2004 жылғы 13 қазанда “Транстелеком” АҚ Президентінің № 130-ПР бұйрығымен бекітілген “Транстелеком” АҚ-та мемлекеттік тілде іс жүргізуді енгізу Концепциясы” негізінде жүргізіледі. Бұл орайда биылғы жылы бұрын қамтылмаған байланыс тораптары мен бөлімше мамандарына мемлекеттік тілді оқытып үйретуге, олардың кәсіби шеберлігін көтеруге бағышталған көлемді қаржы бөлінуі көңілге қонымды.

Десек те аудармашы және оқытушы кадрлардың күнделікті атқаратын жұмыстарында қиыншылықтар да жоқ емес. Мұндағы басты мәселе – транстелеком байланыс саласында арнайы сөздіктер, оқулықтар мен әдістемелік құралдардың жетіспеушілігі. Өзіндік байланыс қызметіне мүдделі “Қазақстан темір жолы” Ұлттық Компаниясы аясында мұндай құралдар шығарылмаған. Теміржол көлігіне қатысты жарық көрген сөздіктер мен оқу құралдары біздің қолға түсе бермейді, ал қолға түскенін барынша пайдаланамыз. Күнделікті қызметіміздегі негізгі кәсіби құрал – 2000 жылы басылып шыққан 31 томдық терминологиялық сөздіктің “Электроника, радиотехника және байланыс” деп аталатын 6- томы. Алайда қыры-сыры мол, қашанда сапалылықты, көп ізденісті қажет ететін аудармашы қызметінде бұлар жеткіліксіз. Кейде кәсіби терминнің қарапайым сөз тіркесінің баламасын академиялық сөздіктен де таба алмай қиналатын кездеріңіз болады.



Қызмет барысындағы осындай жәйттарды ескере келе, қазіргі қолданыстағы сөздіктерді, аударма, терминология мәселелерін зерттеп жүрген ғалымдардың ұйғарымдарын, азды – көпті өз тәжірибеміздіс жинақтағанмызды, ең бастысы, Мемтерминком бекіткен терминдерді негізге ала отырып, “Транстелеком” АҚ аудармашылары мен қызметкерлерінің күнделікті қолдануына ыңғайлы, ықшам сөздік құрастыруды жөн көрдік. Сонымен қатар, әріптестеріміздің қызметін біршама жеңілдете түсу ниетімен, бұған тәжірибелі тәржімандар мен зерттеушілердің жинақ қорынан алынған сөзжасамға, аудармаға және оқыту ісіне байланысты біраз әдістемелік ақыл – кеңесін қоса беріп отырмыз.

Бүгінгі таңда құжат мәтіндерінің дені орыс тілінен қазақ тіліне аударылатын болғандықтан, әрі өмірге жаңа келген салааралық “Транстелеком” байланыс қызметінің өзіндік ерекшеліктері мен сұранысын, бұл салада арнайы анықтамалық құралдардың жеткіліксіз екенін, болған күнде қолға түсе бермейтінін ескере келе, ұсынылып отырған сөздікті де осы жолмен дайындауды жөн көрдік. Сөздікте қазірде “Транстелеком” АҚ аясындағы ұжымдарда ұйымдастырылған мемлекеттік тілге үйрету курстары оқытушылары мен тыңдаушыларының, қызметші мамандардың ағымдағы қажеттілігіне орайлас кәсіби сөздер мен терминдер мүмкіндігінше молырақ жинақталып түзілді. Осы алғысөз соңында «Транстелеком» қоғамы шежіресі қос тілде қысқаша баяндалады.

Сөздік құрастыруда және құжаттарды аударудың қалыптасқан әдіс – тәсілдерін термелеген кезімізде пайдаланылған әдебиеттер мен анықтама материалдар тізімі жинақ соңында беріледі. Басылым қазақ, орыс тілдерінде ыңғайластыра құрастырылған.

<b>абберация</b> (лат. искажение показаний приборов)	<b>абберация</b>
<b>абонемент</b>	<b>абонемент</b>
<b>абонементный</b>	<b>абонементтік</b>
<b>абонементное обслуживание</b>	<b>абонементтік қызмет көрсету</b>
<b>абонент</b> (нем.лицо пользующееся абонементом)	<b>абонент (абонемент иесі)</b>
<b>абонентская задолженность</b>	<b>абоненттік берешек</b>
<b>абонентская коробка</b>	<b>абоненттік қорап</b>
<b>абонентская организация</b>	<b>абоненттік ұйым</b>
<b>абонентская телефонная линия</b>	<b>абоненттік телефон желісі</b>
<b>абонентский отдел</b>	<b>абонент бөлімі, абоненттік бөлім</b>
<b>абонентский пункт</b>	<b>абоненттік пункт</b>
<b>абонентская плата</b>	<b>абоненттік төлем</b>
<b>абонентская связь</b>	<b>абонент байланысы</b>
<b>абонентская сеть</b>	<b>абоненттік желі</b>
<b>абонентская система оплаты услуг</b>	<b>қызметке ақы төлеудің абоненттік жүйесі</b>
<b>абонентская установка</b>	<b>абонент қондырғысы</b>
<b>абонентские и сетевые интерфейсы</b>	<b>абоненттік және желілік интерфейстер</b>
<b>абонентский телеграф</b>	<b>абонент телеграфы</b>
<b>абонентский телеграф прямых связей передачи данных(АТ-ПК-ПД)</b>	<b>абоненттің тікелей байланыс арқылы дерек беру телеграфы (АТ-БД-БТ)</b>
<b>абонентский цифровой концентратор</b>	<b>абоненттік сандық концентратор</b>
<b>абонентско-расчетная группа (АРГ)</b>	<b>абоненттік-есептік топ (АЕТ)</b>
<b>абразивный</b> (фр. вещества высшей твердости)	<b>абразивті</b>
<b>абсолютная величина</b>	<b>абсолюттік шама</b>
<b>абсолютная погрешность</b>	<b>абсолюттік ағаттық (қателік)</b>
<b>абсолютная относительность</b>	<b>абсолюттік арақатыстылық</b>
<b>абсолютная частота</b>	<b>абсолюттік жиілік</b>
<b>абсолютная ответственность</b>	<b>абсолюттік жауапкершілік</b>

<b>абсолютная скорость</b>	абсолюттік жылдамдық
<b>абсолютно-запрещающее показание сигнала</b>	абсолюттік тыйым салу белгісінің көрсетуі
<b>абсолютный</b> (лат. безотносительный; полный)	абсолютті (қатынасыз, толық)
<b>абсолютный прирост</b>	ең жоғарғы өсім
<b>абсорбация</b> (лат. поглощение вещества)	абсорбация; затты қабылдау
<b>абстрактные понятия</b>	дерексіз түсінік
<b>абстрактность</b> (лат.- отвлеченность)	бейтараптылық
<b>абсурдный</b> (лат. бессмысленный, нелепый)	мағынасыз, орынсыз
<b>абсурдный вывод</b>	жаңсақ ұйғарым
<b>аванс</b> (фр. денежная сумма, выдаваемая вперед)	аванс (алдын ала берілетін қаражат)
<b>авансированные средства</b>	алдын ала берілетін төлем
<b>авансовые платежи</b>	алдын ала берілетін төлем
<b>авансовый отчет</b>	аванстық есеп
<b>аварийная линия (ж/д)</b>	апаттық қатерлі желі (т/ж)
<b>аварийная связь</b>	төтенше байланыс
<b>аварийная сигнализация</b>	апат хабары
<b>аварийная сигнальная лампа</b>	апаттық хабар шамы
<b>аварийная ситуация</b>	апаттық ахуал
<b>аварийная обстановка</b>	апаттық жағдай
<b>аварийная остановка</b>	апаттық тоқтау
<b>аварийная станция</b>	апаттық станция
<b>аварийно - восстановительный запас (АВЗ)</b>	апатты қалпына келтіру қоры (АҚҚК)
<b>аварийно - восстановительные работы (АВР)</b>	апатты қалпына келтіру жұмыстары (АҚҚЖ)
<b>аварийно – спасательная служба</b>	апаттан құтқару қызметі
<b>аварийное освещение</b>	апаттық электр желісі
<b>аварийное отключение</b>	апаттық электр желісін ажырату
<b>аварийное охлаждение</b>	апаттық электр желісін суыту
<b>аварийный вагон</b>	апаттық қауіпті вагон
<b>аварийный выключатель</b>	апаттық ажыратқыш
<b>аварийный пункт</b>	апаттық қауіпті орын

<b>аварийный сигнал</b>	апаттық белгі, сигнал
<b>аварийный случай</b>	апаттық оқиға
<b>аварийный режим работы</b>	апаттық жұмыс тәртібі
<b>аварийный резерв</b>	апаттық қор
<b>аварийный участок</b>	апаттық телім
<b>аварийный ход</b>	апаттық, сақтық жүріс
<b>авария</b> (ит. повреждение механизма; крушение)	<b>авария, апат</b>
<b>авария производственная</b>	өндіріс апаты
<b>авизо</b> (ит. извещение о получении товара)	авизо (тауардың алынғаны туралы хабар)
<b>автобиография</b>	өмірбаян
<b>автограф</b> (гр. собственноручная подпись)	автограф, қолтаңба
<b>автомобиль</b>	автоқозғалтқыш
<b>автодин</b> (гр. р/приемник; преобразователь тока)	автодин
<b>автоинформатор</b>	автокөлік хабарлаушысы
<b>автоколебания</b> (гр. незатухающие колебания физической системы)	авготербеліс (физикалық жүйенің үзіліссіз тербелісі)
<b>автоматизация</b>	автоматтандыру
<b>автомат</b> (гр. самодействующий аппарат, машина, прибор)	автомат (өздігінен жұмыс істейтін құрылғы, аспап)
<b>автоматизированная информационная система (АИС)</b>	автоматтандырылған ақпараттық жүйе (ААЖ)
<b>автоматизированная обучающая система</b>	автоматтандырылған оқыту жүйесі
<b>автоматизированная система управления (АСУ)</b>	автоматтандырылған басқару жүйесі (АБЖ)
<b>автоматизированное рабочее место (АРМ)</b>	автоматтандырылған жұмыс орны (АЖО)
<b>автоматизированное рабочее место линейного оператора (АРМ ЛПК)</b>	желілік оператордың автоматтандырылған жұмыс орны (ЖО АЖО)
<b>автоматизированный международный телефонный коммутатор (АМТК)</b>	халықаралық автоматты телефон коммутаторы (ХАТК)

<b>автоматизированный процесс</b>	автоматтандырылған процесс
<b>автоматическая сигнализация</b>	автоматты сигнализация
<b>автоматическая система контроля</b>	автоматтық бақылау жүйесі
<b>автоматическая стрелка</b>	автоматты бағыттағыш
<b>автоматическая телефонная связь</b>	автоматты телефон байланысы
<b>автоматическая телефонная сеть</b>	автоматты телефон желісі
<b>автоматическая телефонная станция (АТС)</b>	автоматты телефон станциясы (АТС)
<b>автоматическая централизация</b>	автоматты орталықтандыру
<b>автоматический выключатель</b>	автоматты ажыратқыш
<b>автоматический междугородный коммутатор (АМК)</b>	автоматты қалааралық коммутатор (АҚК)
<b>автоматический определитель номера (АОН)</b>	нөмірді автоматты анықтағыш (НАА)
<b>автоматическое индексирование</b>	автоматты индексстеу
<b>автоматическое оповещение</b>	автоматты хабар тарату
<b>автоматическое подключение в сеть</b>	жүйеге автоматты түрде қосу
<b>автоматическое регулирование</b>	автоматты түрде реттеу
<b>автоматическая система</b>	автоматтық жүйе
<b>автоматическое соединение</b>	автоматты қосылыс
<b>автоматическое управление</b>	автоматтық басқару
<b>автоматный цех</b>	автоматты цех
<b>автономность</b>	автономиялылық, жеке дара
<b>автономный</b>	автономиялы, автономиялық
<b>автономное регулирование</b>	дербес реттеу
<b>автопарк</b>	автокөлік паркі, автомобиль паркі
<b>автопарковка</b>	автокөлік қоятын орын
<b>автопогрузчик</b>	автокөлік тиегіш
<b>автоприцеп</b>	автокөлік тіркеме
<b>авторегулировка сигнальная</b>	сигналдық автореттегіш
<b>авторезим торможения</b>	тежеу авторежімі
<b>авторезка</b>	автокескіш
<b>автостоп</b>	автотоктау
<b>автостоянка</b>	автотұрақ
<b>автосцепка</b>	автотіркегіш
<b>автотранспорт</b>	автокөлік
<b>автотрансформатор</b>	автотрансформатор

<b>автофазировка</b>	автофазировка
<b>агент</b> (лат.)	уәкіл (ұйымның, мекеменің уәкілі)
<b>агентирование</b>	уәкілдік қызмет көрсету
<b>агентство</b> (лат.)	агенттік (мекеменің жергілікті бөлімшесі)
<b>агентство телеграфное</b>	телеграф агенттігі
<b>агент по закупке</b>	сатып алу жөніндегі уәкіл
<b>агент таможенный</b>	кеден уәкілі
<b>агрегат</b> (лат.-соединение в одно целое)	агрегат (құранды жұмыс кешені)
<b>адаптер</b> (лат. – звукозаписывающий)	адаптер, бейімдегіш
<b>адаптация звуков</b>	дыбыстар бейімделуі
<b>адаптация профессиональная</b>	кәсіби бейімделу
<b>адаптивная маршрутизация</b>	адаптивті маршруттау
<b>адаптивный алгоритм</b>	адаптивті (бейімделгіш) алгоритм
<b>адекватное значение</b>	барабар мағына
<b>адекватная реакция</b>	барабар әсер
<b>адекватная модель</b> (лат.)	барабар үлгі
<b>адекватный</b> (лат. равный)	барабар, теңбе-тең, сәйкес
<b>администратор</b> (лат. - руководитель)	әкімші
<b>административная ответственность</b>	әкімшілік жауапкершілік
<b>административное взыскание</b>	әкімшілік жаза
<b>администрация</b> (лат. управление)	әкімшілік
<b>адрес</b> (фр. местожительство)	мекенжай
<b>адресант</b> (нем. отправитель)	адресант, хат жолдаушы
<b>адресат</b> (нем. получатель)	адресат, мекенжай иесі, хат алушы
<b>адрес назначения корреспонденции</b>	хат-хабар жолданған мекенжай
<b>адрес отправителя</b>	хат иесінің мекенжайы
<b>адресация платежей</b>	төлемдерді нақтылау
<b>адресная помощь</b>	атаулы көмек
<b>адресное пространство</b>	адрестік кеңістік
<b>адресно-справочное бюро</b>	адрестік анықтама бюросы
<b>адресная социальная помощь</b>	атаулы әлеуметтік көмек
<b>аким</b>	әкім
<b>акимат</b>	әкімдік
<b>аккомодация</b> (лат. приспособление)	икемделу
<b>аккредитив</b> (нем. ценная бумага)	аккредитив (бағалы қағаз)

<b>аккредитивная форма расчетов</b>	аккредитивтік есеп айырысу нысаны
<b>аккумуляировать</b> (лат. накапливать)	жинақтау, үстемелеу
<b>аккумуляторная батарея</b>	аккумуляторлық батарея
<b>аккумуляторный цех</b>	аккумулятор цехы
<b>акт</b> (лат. действие, документ)	акт (құжат); әрекет
<b>акт государственной власти</b>	мемлекеттік билік актісі
<b>акт законодательный</b>	заң актісі
<b>акт описи</b>	тізімдеме актісі
<b>акт приемки</b>	кабылдау актісі
<b>акт проверки</b>	тексеру актісі
<b>акт ревизии</b>	ревизия актісі
<b>акт сверки</b>	салыстыру актісі (іс жүрг.)
<b>актив</b>	актив (бух. нақты есеп)
<b>активы</b> (лат. часть бухгалтерского баланса)	активтер (нақтылы есептер)
<b>активная проводимость</b>	активті өткізгіштік
<b>активное сопротивление</b>	активті кедергі
<b>актуальная информация</b>	көкейкесті ақпарат
<b>актуальность</b>	маңыздылық
<b>актуальный</b> (лат. важный)	көкейкесті, маңызды
<b>актуальные задачи</b>	маңызды міндеттер
<b>акустика</b> (гр. учение о звуке)	акустика (дыбыс кеністігі)
<b>акустический сигнал</b>	дыбыс арқылы хабар
<b>акцепт</b>	акцепт
<b>акционерное общество</b>	акционерлік қоғам
<b>акционерный</b>	акционерлік
<b>акция</b> (фр. ценная бумага; действие)	акция, әрекет
<b>алгоритм</b> (лат. метод, система операций)	алгоритм (әдіс, ереже, операциялар жүйесі)
<b>альтернативные операторы</b>	баламалы операторлар
<b>альтернативный</b> (фр. один из двух возможностей.)	баламалы
<b>альянс</b> (фр. союз, объединение)	альянс; одақ, бірлестік
<b>амортизатор</b> (фр. устройство, смягчающие толчки)	амортизатор (жүрісті жұмсартатын тетік)
<b>амортизация</b> (лат. ослабление, погашение)	амортизация

<b>амортизационный</b>	амортизациялық
<b>амплитуда волны</b>	толқын амплитудасы
<b>амплитуда качения</b>	теңселу амплитудасы
<b>амплитуда результирующая</b>	қорытқы амплитудасы
<b>анализ</b> (гр. метод научного исследования)	талдау, сараптау, саралау
<b>анализатор</b>	талдағыш, сараптағыш
<b>анализ эксплуатационной работы</b>	пайдалану жұмысын талдау
<b>аналитический</b>	аналитикалық
<b>аналогия</b> (гр. соответственный)	аналогия, ұқсастық
<b>аналогия тройная</b>	үштік ұқсастық
<b>аналогичный</b>	ұқсас, тақылеттес
<b>анкер</b> (нем. деталь механизма)	қарнақ, тірек
<b>анкерный участок</b>	анкер телімі
<b>анкеровка проводов контактной сети</b>	түйіспе желісінің сымын бекіту
<b>аннулировать</b> (лат. отменять)	жою, күшін жою
<b>аннулирование акта</b>	актінің күшін жою
<b>аннулирование договора</b>	шарттың күшін жою
<b>аномалия</b> (гр. отклонение от нормы)	аномалия, зардапты, ауытқушылық
<b>анонс</b> (фр. предварительное объявление)	алдын ала хабарлау
<b>антенна длинноволновая</b>	ұзынтолқынды антенна
<b>антенна стоячей волны</b>	тұрақты толқынды антенна
<b>антенна телевизионная</b>	телевизия антеннасы
<b>антикоррозийная стойкость</b>	тотыққа төзімділік
<b>аппарат</b> (лат. прибор, техническое устройство)	аппарат, аспап
<b>аппарат аудиовизуальный</b>	дыбыстық бейнелік аппарат
<b>аппарат звукозаписи</b>	дыбыс жазу аппараты
<b>аппарат контактного копирования</b>	түйіспелі көшіру аппараты
<b>аппарат неискажающий телеграфный</b>	бұрмаламайтын телеграф аппараты
<b>аппарат осветительный</b>	жарық беретін аппарат
<b>аппаратура высокочастотная</b>	жоғары жиілікті телефон
<b>телефонная</b>	аппаратурасы
<b>аппаратура однотонального телеграфирования</b>	бірүндесті телеграф аппаратурасы



**аппарат проекционный**  
**аппарат телефонный**  
**аппаратно-программный комплекс (АПК)**  
**аппаратура**  
**апробация**  
**апробация нормы**  
**аргумент**  
**ареометр (гр.)**  
**архивация** (англ., комп., создание резервных копий данных, обычно в сжатой форме)  
**аттестовать**  
**аттестация рабочего места по условиям труда**  
**аудит (проверка отчетности)**

мүсін көрсететін аппарат  
 телефон аппараты  
 аппараттық-бағдарламалы кешен (АБК)  
 аппаратура  
 апробация, бақылау, сынау  
 мөлшерді шамалау, анықтап алу  
 дәлел, уаж  
 ареометр (сұйық тығыздығын өлшегіш)  
 архивтеу (файлдарды қысу, сығу арқылы олардың тығыздалған кошірмесін жасау)  
 сыннан өткізу, аттестациялау  
 еңбек жағдайы бойынша жұмыс орындарын сыннан өткізу  
 аудит (есеп-қисапты тексеру)

## Б

**база**  
**база данных**  
**база звеносборочная**  
**база источниковая**  
**база материально-техническая**  
**база опорная**  
**база техническая**  
**база установочная**  
**базирование**  
**базисные (основные) запасы**  
**базовая адресация**  
**базовая станция**  
**базовое программное обеспечение**  
**базовый матричный кристалл**  
**байт** (англ. - ед. изм.)  
**баланс** (фр. сводная ведомость)  
**балансир** (фр.)  
**балансировка**

база, негіз, қор  
 дерекқор; деректер қоры  
 құрастыру базасы  
 жинақтау базасы  
 материалдық-техникалық база  
 тірек қор  
 техникалық қор  
 бығыттық база  
 тұрақты орналастыру  
 базистік (негізгі) қорлар  
 негізгі адресстеу  
 негізгі станция  
 тұрақты жоспарлы жабдықтау  
 базалық матрицалық кристалл  
 байт (өлшем бірлігі)  
 баланс, тепе-теңдік, дәлділік  
 теңгергіш, теңгерме, балансир  
 теңдестіру

баланс фаз	фазалар үйлесімі
баланс энергии	энергия үйлесімі
балластная нагрузка	қосымша жүктеме
балл (фр.)	балл (көрсеткіш)
бальная оценка	балмен бағалау
бандероль заказная	аманат бандероль
бандероль ценная	бағалы бандероль
банк данных	деректер жиынтығы
банк сберегательный	жинақ банкі
бартер	бартер; айырбас (заттай алмасу)
бартерные операции	баспабас операциялар
бартерная сделка	айырбас мәміле
барьер	тосқауыл, бөгет
барьер потенциальный	ықтимал тосқауыл
батарея	батарея
батарея анодная	анодты батарея
батарея гальваническая	гальвандық батарея
батарея накала	қыздыру батареясы
батарея стационарная	станция батареясы
бегущая волна	кума толқын
бедствие стихийное	дүлей апат, зілзала
безопасность движения	қозғалыс қауіпсіздігі
безопасность объекта	объект қауіпсіздігі
безопасность труда	еңбек қауіпсіздігі
бел (англ. логарифмическая единица)	бел (өлшем бірлігі)
безопасные условия труда	еңбек қауіпсіздігі жағдайы
безопасность производственного оборудования	өндіріс құрал-жабдығы қауіпсіздігі
безопасность производственного процесса	өндіріс процесі қауіпсіздігі
бережливость	құнттылық, үнемшілдік
бережно	құнттап
беседа	әңгіме, сұхбат
бесконтактный переключатель	түйіспесіз ауыстырып-қосқыш
бесконтрольный	бақылаусыз, қараусыз, қадағалаусыз
беспаячный монтаж	дәнекерсіз құрастыру
бесперебойный	үздіксіз; кідіріссіз, тоқтаусыз

<b>бесперебойное движение транспорта</b>	көліктің толассыз жүрісі
<b>беспроводная связь</b>	сымсыз байланыс
<b>бесшумная настройка</b>	шуылсыз баптау
<b>билль о правах (англ.законопроект)</b>	құқық туралы заң жобасы
<b>бинарный</b>	бинарлы, жұптас
<b>биотермическая яма</b>	биотермиялық шұңқыр (техн.)
<b>биполярный сигнал</b>	қос өрісті сигнал (оң және теріс кернеулі)
<b>биполярный транзистор</b>	қос өрісті транзистор
<b>бит (англ. двоичный знак)</b>	бит (екілік белгі)
<b>бланк (фр. – лист бумаги с названием учреждения)</b>	бланк
<b>бланк документа</b>	құжат бланкісі
<b>бланк заказа</b>	тапсырыс бланкісі
<b>бланк с образцами подписей</b>	қолтаңба үлгілері бланкісі
<b>бланк телеграммы</b>	жеделхат бланкісі
<b>бланк установленного образца</b>	белгіленген үлгідегі бланк
<b>блок (англ.узел машины из нескольких элементов)</b>	блок, шығыр; білік, торап
<b>блок питания</b>	қуаттандыру торабы
<b>блокпост (англ. пункт управления)</b>	басқару торабы
<b>блок преобразования</b>	түрлендіру блогы
<b>блок считывания</b>	оқу блогы
<b>блокиратор</b>	блокиратор (телефон жұмысын реттегіш)
<b>блокировать (англ. заграждать путь )</b>	блокадалау; қоршау
<b>блокировка (регулирование движения поездов)</b>	блокировка (поезд жүруін реттегіш құралдар)
<b>блокировочное устройство</b>	шектеу қондырғысы
<b>блуждающая волна</b>	кезбе толқын
<b>бобина (фр. катушка)</b>	келебе; орауыш; тығырық
<b>бойлер (англ.устройство для подогрева воды )</b>	бойлер (су жылытатын құрылғы)
<b>брак</b>	ақау; жарамсыз
<b>бракер</b>	ақауды анықтаушы

## В

---

бригада	бригада
бригада комплексная	кешенді бригада
бригада наладочная	бесаспап бригада
бригада специализированная	мамандандырылған бригада
брокер (англ - посредник)	брокер, делдал
бронировать	құрышпен қаптау
бронированный кабель	құрышталған (сауытталған) кабель
бронь	бронь, сауыт
брызгоотделитель	шашыратқыш
будка	будка, күрке
будка телефонная	телефон күркесі
буквенно-цифровое кодирование	әріптік-сандық кодтау
букса (нем. коробка для подшипника вагонной оси)	букса
быстроток	тезағар ток
бюро ремонта	жөндеу бюросы

## В

---

вагон	вагон
вагон багажный	жүк вагоны
вагон пассажирский	жолаушы вагоны
вакансия	бос орын
вакантная должность	бос қызмет орны, бос орын
вакуум (лат. состояние разреженного газа)	вакуум, ауасыз кеңістік
вакуумное напыление	вакуумдық тозандату
вакуумный затвор	вакуумдық бекітпе
вакуумный фотоэлемент	вакуумдық фотоэлемент
вал (ось)	білік
валентная связь	валенттік байланыс
валик фонографический	фонографиялық білікше
вальцевать ( нем.обрабатывать на вальцах)	жаншып қақтау (тех.)
вводить (ввести) в систему	жүйеге енгізу
вводить (ввести) порядок	тәртіп орнату
ввод	енгізу, ендіру, кіргізу

**ВВОЗ**

**веб и вэб** (первая часть составных слов, вносящая значение «размещенный во всемирной паутине»)

**веб-сайт** (англ. информ., размещ. во всемир. паутине.)

**ведомственные сети связи**

**вектор поля**

**величина**

**величина допустимая**

**вентиль** (нем. запорное приспособление)

**вентилятор**

**вестник**

**весы**

**вес**

**вес брутто**

**вес нетто**

**вес удельный**

**весы контрольные**

**весы настольные**

**весы электронные**

**ветвь сети связи**

**веха**

**вешать (повесить) трубку**

**вещание**

**вещание проводное**

**вещательная станция**

**взаимодействие**

**взаимодействие между сетями**

**взаиморасчет**

**взаимосвязь**

**взаимовыгодная связь**

**взвешивание отправления**

**взимать**

**взимание налогов**

**взрыв**

**шеттен әкелу**

**веб және вэб** («әлемдік шырмауқта орналасқан» деген мағына беретін құрамды сөздердің бірінші бөлімі)

**веб-сайт** (әлемдік шырмауқта орналасқан ақпарат)

**ведомстволық байланыс желілері**

**өріс векторы**

**ауқым, көлем, мөлшер, шама, өлшем**

**рауалы шама**

**бұрандалы жапқыш, бұрама**

**желдеткіш**

**хабаршы**

**таразы, өлшегіш**

**салмақ**

**жалпы салмақ**

**таза салмақ**

**үлесті салмақ, меншік салмақ**

**тексеру таразысы**

**үстел таразысы**

**электронды таразы**

**байланыс желісінің тармағы**

**меже, елеулі кезең**

**трубканы (тутқаны) ілу, (іліп қою)**

**хабар тарату, хабарлау**

**сым арқылы хабар тарату**

**хабар тарату станциясы**

**өзара қимыл**

**желіаралық қатынас**

**алыс-беріс, өзара есеп айырысу**

**өзара байланыс**

**өзара пайдалы (тиімді) байланыс**

**жолдаманы өлшеу**

**төлету, өндіру**

**салықтарды өндіріп алу**

**атылыс, жарылыс, копарылыс**

<b>взрывоопасность</b>	жарылуу қауіптілігі
<b>взрывная волна</b>	қопарылыс толқыны
<b>взять под контроль</b>	бақылауға алу
<b>вибрация</b> (лат. механические колебания )	вибрация, діріл
<b>вибратор</b> (лат-устройство, для создания колебаний)	вибратор, тербелткіш, дірілдеткіш
<b>вибратор Герца</b>	Герц дірілдеткіші
<b>видеозапись</b>	бейнежазба
<b>видеокамера</b>	бейнекамера
<b>видеоканал</b>	бейнеарна
<b>видеомагнитофон</b>	бейнемагнитофон
<b>видеотелефон</b>	бейнетелефон
<b>видеофонограмма</b>	бейнеунжазба, бейнеунхат
<b>вилка</b>	ашауыз, аша
<b>виза</b> (лат. отметка в паспорте)	рұқсатнама; бұрыштама
<b>визуальное отображение</b>	көрнекі бейнелеу
<b>винт</b>	бұранда
<b>винтовое движение</b>	бұрандалы қозғалыс
<b>винтовая резьба</b>	бұранда тістері
<b>виртуальная память</b>	болжалды жад
<b>виртуальный канал</b>	болжалды арна
<b>виртуальная телефонная сеть</b>	болжамды телефон желісі
<b>вирус</b> (комп.)	вирус (комп.)
<b>витая пара</b>	есілген қоссым
<b>виток</b>	орам (бір айналым)
<b>витой шнур удлинитель</b>	иірілген ұзартқыш бау (жіп)
<b>виток связи</b>	байланыс орамы
<b>вклад</b>	салым
<b>вкладыш</b>	ішпек; қосымша парақ
<b>вкладчик</b>	салым иесі; салымшы
<b>включать</b>	қосу, енгізу
<b>включатель</b>	қосқыш
<b>влияние помех</b>	кедергілер әсері
<b>влияние постороннее</b>	бөгде әсер
<b>внедрить</b>	енгізу, қолдану
<b>внедрение в производство</b>	өндіріске енгізу

<b>внедрение систем железнодорожной автоматике и телемеханики</b>	теміржолдағы автоматика және телемеханика жүйесін енгізу
<b>внеурочная работа</b>	уақыттан тыс жұмыс
<b>внештатный</b>	штаттан тыс
<b>внештатные ситуации</b>	әдеттен тыс жағдайлар
<b>внутренняя связь</b>	өзара байланыс, ішкі байланыс
<b>внутренний телефон</b>	ішкі телефон
<b>внутрипочтовое отправление</b>	ішкі почталық жолдама
<b>возмездное оказание услуг связи</b>	өтеулі байланыс қызметтерін көрсету
<b>воздушная контактная сеть</b>	әуе түйіспе желісі
<b>воздушная линия связи</b>	әуе байланыс желісі
<b>воздушная линия электропередачи</b>	әуе электр жеткізу желісі
<b>воздуховод</b>	ауа құбыры
<b>волновое поле</b>	толқын өрісі
<b>волновод</b>	толқынжол
<b>волномер</b>	толқын өлшегіш
<b>волоконно-оптическая линия связи (ВОЛС)</b>	талшықты-оптикалық байланыс желісі (ТОБЖ)
<b>волоконно-оптический кабель</b>	талшықты-оптикалық кабель
<b>волоконная оптика</b>	талшықты оптика
<b>вольтметр</b>	вольтметр
<b>воспламеняемость</b>	тұтанғыштық
<b>восприимчивость</b>	қабылдағыштық
<b>воспроизведение звука</b>	дыбысты жаңғырту
<b>воспроизведение изображения</b>	бейнені жаңғырту
<b>воспроизведение информации</b>	ақпаратты жаңғырту
<b>восприимчивость к помехам</b>	бөгеуілді сезгіштік
<b>восстановление</b>	қалпына келтіру
<b>восстановление на работе</b>	бұрынғы жұмысына қайта алу
<b>восстановление несущей волны</b>	күш түсетін толқынды қалпына келтіру
<b>восстановительная бригада</b>	қалпына келтірушілер бригадасы
<b>впрыск топлива</b>	отынның шашырандысы
<b>враждебный маршрут</b>	қауіпті жол бағдары
<b>вращательное движение</b>	айналмалы қозғалыс
<b>вращать</b>	айналдыру; үйірілдіру
<b>вращаться</b>	айналу

вредное пространство	зиянды кеңістік
вредные вещества	зиянды заттар
вредный производственный фактор	зиянды өндірістік фактор
вредные (особо вредные) условия труда	зиянды (аса зиянды) еңбек жағдайы
временная нетрудоспособность	жұмысқа уақытша жарамсыздық
временные сигналы	уақытша белгі беру
время	уақыт, сағат; кез, мезгіл мерзім
время восприятия сигнала	сигналды қабылдау уақыты
время вручения	табыс ету уақыты
время замедления сигнала	сигналдың баяулау уақыты
время задержки сигнала	сигналдың кідіру уақыты
время обратного хода	кері жүріс уақыты
время отправки корреспонденции	хат-хабардың жөнелтілген уақыты
время поиска неисправности	ақаулықты іздеу уақыты
время пробега	жол үстіндегі уақыт
время простоя	іркіліс уақыты
время обработки сигнала	сигнал өңдеу уақыты
вручать, вручить	беру, тапсыру, табыс ету
входное гнездо	кіре беріс ұясы
входной сигнал	кіре беріс белгісі
входная стрелка	кіре беріс бағыттағышы
выделение импульсов	импульс бөлінуі
выделение каналов	арналарды бөлу
выделенные сети связи	байланыстың бөлектелген желілері
вызывать по телефону	телефонмен шақыру
вызывать на разговор	сөйлесуге шақыру
вызов	шақыру
вызов абонента	абонентті шақыру
вызвать к телефону	телефонға шақыру
выйти на связь	байланысқа шығу
выкатка	дөңгелетіп шығару
выключатель	айырғыш, ажыратқыш
выключение	ажырату
вылет стрелы крана	кран жебесінің көтерілуі
выноска кабеля	кабельді алып шығу